



БҰЙРЫҚ

*28. 01. 2026 жыл*

Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ *11*  
город Атырау

**Үкіметтік емес ұйымдар үшін  
2026 жылға арналған мемлекеттік  
гранттардың басым бағыттарының  
тізбесін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі №406 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік гранттарды қалыптастыру, ұсыну, мониторингтеу және тиімділігін бағалау қағидаларының 9-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2026 жылға арналған үкіметтік емес ұйымдарға мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының қоса беріліп отырған Тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.
2. Осы басқарманың мәдениет пен өнер мекемелерінің қызметін қамтамасыз ету бөлімі мемлекеттік гранттардың басым бағыттарының Тізбесін Басқарманың интернет-ресурсында орналастырсын.
3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтан туындайтын өзге де шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары А.Әділғалиевке жүктелсін.
5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Негіздеме: Атырау облыстық мәслихатының 2025 жылғы 12 желтоқсандағы №196-VIII «2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешімі.

Басқарма басшысы

Ә.Жоламанов